

МРНТИ 18.41.91**Қоңысбек Саханов¹**¹ Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Алматы, Қазақстан**ЗАМАНАУИ КОМПОЗИТОРЛАР Б.ҚЫДЫРБЕК ЖӘНЕ Ә.ӘБДІНҰРОВ****Аннотация**

Бұл мақалада заманауи классикалық композиторлар Балнұр Қыдырбек және Әліби Әбдінұровтың шығармашылық жолдары жайлы баяндалады. Атақты шығармашылық еңбектері мен олардың даму бағыттары жайында айтылады. Кәсіби композиторлық еңбек пен сонау XX ғасырдан бастау алған композитор бағытында еңбек еткен жандардың бастауымен заманауи композиторлар шығармашылығы айтылады.

Балнұр Балғабекқызы Қыдырбек қазіргі уақытта 500-ден астам музыкалық шығармалар-әндер, симфониялар, эстрадалық симфониялардың авторы. Шәкәрім поэмасы бойынша «Қалқаман-Мамыр» опера-балетінің авторы, Іс-әрекеттің негізіне XVI ғасырда Тобықты руында болған нақты оқиғалар алынған. 2007 жылғы 19 қаңтарда С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің сахнасында премьерасы өтті. Оның «Реквием» - бұл жанрдағы алғашқы қазақстандық шығарма. Ол бірлік, бейбітшілік және рухани келісім, түрлі діндер мен діни наным-сенімнің төзімділігі идеяларына негізделген.

Ә.Әбдінұровтың шығармашылық бағыттары мен композитордың туындылары жайында беріледі. Негізгі шығармалары жайлы айтып өтер болсақ: вокалды музыкалары яғни кантата және оратория жанры 2001 ж «Ұрпақ әуені» балалар хорына арналған кантата, 2003 ж «Отырар дастаны» аралас хорға арналған кантата, сөзі М.Шаханов, 2008 ж «Боздағым» баритон мен ұрмалы аспаптар және аралас хорға арналған кантата, сөзі Т. Есқожаұлы, фантазия, әндер, романстар, вокалдық циклдар, фортепианоға арналған шығармалар, поэмалар, қазақ әндеріне арналған өңдеулермен толықты.

Түйінді сөздер: Қазақстан композитор, шығармалар, заманауи композитор.

Қонысбек Саханов¹¹Казахская национальная консерватория имени Курмангазы
Алматы, Казахстан**СОВРЕМЕННЫЕ КОМПОЗИТОРЫ Б. КЫДЫРБЕК И А. АБДИНУРОВ****Аннотация**

В данной статье рассматривается творческий подход современных академических композиторов Балнур Кыдырбек и Алиби Абдинуров. Речь идёт об известных творческих трудах и направлениях их развития. С начала композиторского пути в XX веке и до нашего периода рассмотрено и описано творчество композиторов.

Балнур Балгабековна Кыдырбек является автором более 500 музыкальных произведений-песен, симфоний, эстрадных симфоний. Автор оперы-балета «Калкаман-Мамыр» по поэме Шакарима, в основу действия заложены конкретные события, происходящие в роде Тобыкты в XVI веке. 19 января 2007 года на сцене Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина состоялась премьера. Её «Реквием» - это первое казахстанское произведение в жанре. Он основан на идеях единства, мира и духовного согласия, толерантности различных религий и религиозных убеждений.

О творческом направлении А. Абдинурова и произведениях композитора. Основные произведения: вокальная музыка в кантатно-ораториальном жанре: 2001 г. кантата для детского хора «Мелодия поколений», кантата для смешанного хора «Отырар дастаны», слова М. Шаханова, «Боздағым» для баритона и ударных инструментов и кантата для смешанного хора, слова Т.

Ескожаулы, фантазия, песни, романсы, вокальные циклы, произведения для фортепиано, поэмы, обработки казахских песен.

Ключевые слова: казахстанский композитор, произведения, современный композитор.

Konysbek Sakhanov¹

¹*Kurmangazy Kazakh National Conservatoire*

Almaty, Kazakhstan

CONTEMPORARY COMPOSERS B. KYDYRBEBEK AND A. ABDYROV

Abstract

This article discusses the creative approach of modern academic composers Balnur Kydyrbek and Alibi Abdinurov. We are talking about well-known creative works and directions of their development. From the beginning of the composer's carrier in the 20th century to our period, the work of composers has been examined and described.

Balnur Balgabekovna Kydyrbek is the author of more than 500 musical works – songs, symphonies, pop symphonies. The author of the opera-ballet “Kalkaman-Mamyr” based on the poem by Shakarim, the action is based on specific events that take place in the Tobykty clan in the 16th century. On January 19, 2007 the stage of the S. Seifullin Kazakh Agro Technical University hosted the premiere. Her “Requiem” is the first Kazakh work in the genre. It is based on the ideas of unity, peace and spiritual harmony, tolerance of various religions and religious beliefs.

On the creative direction of A. Abdinurov and the works of the composer. Main works: vocal music in the cantata-oratorio genre: 2001 cantata for the children's choir “Melody of Generations”, cantata for the mixed choir “Otyrar dastans”, words by M. Shakhanov, “Bozdagym” for percussion and baritone, and cantata for mixed choir, words of T. Eskozhauli, fantasy, songs, romances, vocal cycles, works for piano, poem, transcriptions of Kazakh songs.

Keywords: Kazakhstan composer, works, contemporary composer.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басы еліміздегі ғылым, әдебиет және өнердің құлдырау кезеңі деп бағалауға болады. Кешегі алып мемлекет - КСРО ыдырап, жеке республикалар егенмендігін алып жатты. Оның өзі бұрынғы орталықтандырылған ірі завод, фабрикалардың тарауына ұласып, жаппай жұмыссыздыққа әкеліп соқтырды [1, 46]. Осы жылдары ғылым мен өнердің басқа салалары секілді музыка өнері де құлдырау кезеңін бастан кешірді. Осы себепті 90-жылдары қазақ музыкасының дамуы белгілі дәрежеде тежелді. Бұрын музыкалық шығармасы үшін авторға төленетін қаламақы жүйесі жойылып, көркем шығармаларға мемлекет тарапынан қамқорлық жасалмады. Композиторлар одағы да мемлекеттік бюджеттен шығарылып, қоғамдық ұйымға айналып кете барды. Мұны көрген бірқатар композиторларымыз бен өнер қайраткерлеріміз шетел асты. Бұл – бұрын қалыптасқан мәдени құндылықтарымыздың таным таразысына қайта түскен кезі. Оның зардабы жеке шығармашылық тұлғаларға да тиді. Мысалы, осы кезеңде мемлекеттік симфониялық оркестр, Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі, республикамыздағы хор капелласының тәжірибелі жетекшілері – бас дирижерлары ауысты.

Уақыт өткен сайын Қазақстан композиторларының құрамы да жасара түсті. Бұрын Е. Г. Брусиловскийдің класын бітірген аға, орта буын композиторларымыздың ізін Жолан Дастенов, Тілес Қажығалиев, Алмас Серкебаев, Жоламан Тұрсынбаев, Кеңес Дүйсекеев, Төлеген Мұхамеджанов, Бахтияр Аманжолов, Балнұр Қыдырбек, Бейбіт Дәлденбаев, Қуат Шілдебаевтар басты. Олардың артынан Омархан Несіпханов, Әділ Бестыбаев, Серік Еркімбеков, Жұматай Тезекбаев, Артық Тоқсанбаев, Исламбек Мамақов, Тынысбек Қоңыратбаев, Әліби Мамбетов, Ақтоты Райымқұлова, Регул Жүнісов, С. Әбдінұров, т.б. жас авторлар шықты. XX ғасырдың 80-жылдары Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияның композиторлық бөлімін аяқтаған бұл жас авторлардың барлығы дерлік ірі оркестрлік шығармалар, эн, аспаптық шығармалар жазды. Камералық, аспаптық,

вокалдық шығармалары да концерттік сахналардан орындалып, музыкалық-репертуарлық жинақтарға еніп келеді.

Қазақ музыкасының дамуына, жалпы кәсіби музыканы қалыптастырудағы негізгі қызметтерді атқарып жүрген, Отандық музыкалық бағытта еңбек етіп келе жатқан заманауи композиторлардың қазіргі уақытта аз екенін айтып өтуге болады. Осы тұста елімізге танымал, қазақ музыкасын дамытушы Балнұр Қыдырбек пен Әліби Әбдінұровтың еңбектері де орасан зор.

Балнұр Қыдырбек текті ұрпақтан дүние есігін ашқан, Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаев, Пшан, Шүкіртай, Иса Тергеусізұлы, Табия Омарқұл Дәуреннің мектебін жалғастырушылар санатына енетінін айтып өзінің сұхбатына айтып өтеді [2, 3726]. Балнұр Балғабекқызы Қыдырбек — композитор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Қазақстан Композиторлар одағының төрағасы. 500-ден астам музыкалық шығармалардың авторы, оның ішінде камералық-аспаптық, симфониялық шығармалар, балалар мен жасөспірімдерге арналған музыка, әндер, эстрадалық және қолданбалы музыка. 1956 жылы 13 маусымда Алматыда дүниеге келген. Жазушының қызы Балғабек Қыдырбекұлы. 1962 жылдан 1973 жылға дейін К. Байсейітова атындағы Республикалық арнайы орта музыка мектебінде, 1973 жылдан 1978 жылға дейін Алматы мемлекеттік консерваториясында оқыды. Құрманғазы профессор К. Кужамьяров сыныбында. Сол жерде ассистентуру-стажировкадан өтті (1978-1980). Консерваторияны бітіргеннен кейін-кеңесші, Қазақстан Композиторлар Одағының аға консультанты (1978-1992); ҚР ЖАК аға, жетекші ғылыми сарапшысы (1992-1997). 1997 жылдың ақпан айынан-Қазақстан композиторлары қауымдастығының президенті болды.

2000 жылдың қыркүйегінен 2002 жылдың қарашасына дейін- «Менің Қазақстаным» халықтық-патриоттық қозғалысы төрағасының орынбасары. Қазақстандық композиторлардың алғашқысы үрмелі оркестр жанрында музыка жаза бастады. «Мерекелік увертюра», «Қаралы күй», «Жекпе-жек» дивертисменті көптеген үрмелі оркестрлердің репертуарына кіріп, бұрынғы Кеңес Одағының барлық кеңістігінде орындалды. 1987 жылы үрмелі аспаптар оркестріне арналған шығармалар үшін ол атындағы сыйлықтың лауреаты атағына ие болды.

«Бекболат», «Resisting the Fate», «Ерлік» және т.б. симфониялық поэмаларын жазды, қазақ халық аспаптар оркестріне арналған екі концерттік бағдарлама дайындады. Сондай-ақ камералық және эстрадалық оркестрлер саласында жұмыс істейді. «Неліктен Қарлығаштың құйрығы мүйізбен» атты шығарма қазақ ұлттық балеті болды. Қазақ ертегісінің тақырыбы бойынша жазылған «Наурыз мейрам ғибадатханасы» балеті «Астана-Бәйтерек» байқауының бас жүлдесін жеңіп алды.

Шәкәрім поэмасы бойынша «Қалқаман-Мамыр» опера-балетінің авторы, Іс-әрекеттің негізіне XVI ғасырда Тобықты руында болған нақты оқиғалар алынған. 2007 жылғы 19 қаңтарда С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің сахнасында премьерасы өтті. Оның «Реквием» - бұл жанрдағы алғашқы қазақстандық шығарма. Ол бірлік, бейбітшілік және рухани келісім, түрлі діндер мен діни наным-сенімнің төзімділігі идеяларына негізделген. Жанр канондары (католик месса) жалпы сақталған. Жазушының тағы бір идеясы-ұрпақтар сабақтастығы, уақыт байланысы, өз халқына қызмет етудің жоғары идеалдары. Бір отбасының алты ұрпағының мысалында, 250 жыл бойы халық тәуелсіздігінің ұлы идеясы қалай берілетіні көрсетілген. 2014 жылы «Реквием» үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болды.

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Филология ғылымдарының кандидаты (диссертация тақырыбы: «Б. Қыдырбекұлы шығармашылығындағы тарих және қазіргі заман», 1997 ж). Жалпы Б.Қыдырбектың шығармашылығындағы негізгі бағыттар деп атай аламыз: опера-балет «Қалқаман-Мамыр», «Реквием», «Балалар балеті», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», «Наурыз мерекесі балеті», Мюзикл «Жанұран», «Труба мен оркестрге арналған үш бөлімді концерт», симфониялық поэмалары, кантата және увертюра, оркестрге арналған күйлер, эстрадалық пьесалары, үрмелі аспаптар оркестріне арналған

дивертисменттер, камералық оркестрге арналған дивертисмент, камералық шығармалар, әндер, кино мен театрға арналған музыкалар, қазақ әндеріне өңделген дүниелері бар.

Балнұр Қыдырбектің әуендері шығармашылығы ерте басталады, мектептің бесінші сыныбында оқып жүргенінде фортепианоға әндер, музыкалық үзінділер шығара бастады. Ол консерваторияның бастапқы курстарында бағдарлама халқында кішігірім шығармалар жаза бастаса, ал 4 курсқа жеткенде эстрадалық-симфониялық шығармалар жазуға кірісті.

Ол консерваторияны бітірген соң екі жылдай тәжірбе жинақтауда болды. Одан әрі ол белсенді қазақ композиторларының қатарына қосылды. Бір ерекшелігі – Балнұрдан басқа Қазақстанның композиторлары эстрадалық симфония жазбаған. Ол Орта Азия әскери округының үрмелі аспаптар оркестріне арнап шығармалар жазды. 1979 жылы қазан айында оркестр консерваторияның үлкен залында концерт берді. Осы жылы тыңдаушылар Балнұрдың «Наурызбай батырдың Қаскелеңмен жекпе-жегі» шығармасын ұнатып, ризашылық білдірді. Бұрын баспа бетінде Қаскелеңнің аты белгісіз еді.

Балнұр Балғабекқызы Қыдырбек қазіргі уақытта 500-ден астам музыкалық шығармалар-әндер, симфониялар, эстрадалық симфониялардың авторы. 2007 жылы Балнұр Қыдырбек шығарған «Қалқаман-Мамыр» опера-балетінің Астанадағы Күләш Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театрында кесілді. Шығарма, негізінен, тарихи оқиға негізделген.

Балнұр Қыдырбек «Қалқаман-Мамырға» ілестіре «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» және Наурыз мейрамына арналған балетті шығарды. Біріншісі Абай атындағы ҚМАОБ театрында қойылды. Осы шығармасы үшін ол Астанада өткен «Бәйтерек» сайысының жүлдегерлері атанады. Композитор соңғы кезде алты бөлімнен тұратын реквиумды жазды, ол симфониялық оркестр демеуімен төрт солистің орындауына арналған. 1992-97 жылдары аралығында Қазақстанның жоғары кәсіптік комиссияның (СВГЭК) гуманитарлық бөлімінде аға-ғылыми, жетекші-ғылыми, бас-ғылыми дәрежесінде қызмет атқарады. Балнұр қамтыған тақырып салалары – социология, философия, экономика мәселелері. Осы ізденістер, зерттеулер арқасында Балнұр Қыдырбек 1997 жылы филология саласы бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Тақырыбы: «Балғабек Қыдырбекұлының шығармашылығындағы тарихтың бүгінгі күндерімен байланысы».

Әліби Құттымбетұлы Әбдінұров — композитор. «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты. «Қазақстан композиторлар қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің мүшесі.

Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының түлегі, композиция мамандығы бойынша М. Сағатов, опера-симфониялық дирижеры мамандығы бойынша Т. Әбдірашев шәкірті. Ә. Әбдінұров бірнеше халықаралық байқаулар мен фестивальдердің жүлдегері. Ғ.Жұбанова атындағы байқауда «Махамбет батырдың соңғы сөзі» шығармасы үшін I орынды (1997), Құрманғазының 175 жылдығына арналған байқауда «Аман бол, шешем, аман бол» күйінің транскрипциясы үшін II жүлдені (1998) жеңіп алды. Халықаралық «Шабыт» шығармашылық жастар фестивалінің «Музыкалық шығармашылық» байқауында лауреат атанды [3, 586].

Екі мәрте ҚР Президентінің стипендиаты (1998-99). Ә.Әбдінұров талай халықаралық фестивальдарға катысып жүр. Ол — көптеген камералық шығармалардың, талай әндер, «Мұқағали» операсының авторы. Негізі психологиялық драмаға құрылған бір бөлімді опера «Мұқағали» қазақтың атақты ақыны Мұқағали Мақатаевтың өміріндегі сүйініш-күйініші қабат келетін күрделі кезеңін жинақтала қамтыған.

Ә.Әбдінұровтың шығармашылық бағыттары мен композитордың туындылары жайында беріледі. Негізгі шығармалары жайлы айтып өтер болсақ: вокалды музыкалары яғни кантата және оратория жанры 2001 ж «Ұрпақ әуені» балалар хорына арналған кантата, 2003 ж «Отырар дастаны» аралас хорға арналған кантата, сөзі М.Шаханов, 2008 ж «Боздағым» баритон мен ұрмалы аспаптар және аралас хорға арналған кантата, сөзі Т. Есқожаұлы, 2017 ж «Мяу, Гав и Чик-чирик» балалар мюзиклы, Р.Мұсаев сөзіне., хорға арналған шығармалары: 1996 ж «Жүректе қайрат болмаса», 1999 ж «Шымшық» балалар хорына арналған, Қ.Мырзалиев сөзіне, 2000 ж «Суықторғай» балалар хорына арналған,

Қ.Мырзалиев сөзіне, 2009 ж «Ертегілер елінде» балалар хорына арналған, А.Асылбеков сөзіне, 2010 ж «Көктемде», балалар хорына арналған Ш.Балманов сөзіне, 2012 ж «Анадан алғаш туғанымда», фантазия, әндер, романстар, вокалдық циклдар, фортепианоға арналған шығармалар, поэмалар, қазақ әндеріне арналған өңдеулермен толықты.

Әдебиеттер тізімі:

1. **Жұмақова Ү., Кетегенова, Н.** Қазақ музыка әдебиеті [Мәтін] / Н. Кетегенова, Ү. Жұмақова. – Астана, 2005. – 273 б.
2. **Қожырұлы Б.** Қазақ елінің атақты музыка өнерпаздары (антология). – Алматы: «Елтаным баспасы», 2010. – 640 б.
3. **Қожырұлы Б.** Рухани байлық. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2012. – 400 б.

References (transliterated):

1. **Žumakova Ü., Ketegenova, N.** Қазақ музыка әдебиеті [Mätin] / N. Ketegenova, Ü. Žumakova. – Astana, 2005. – 273 p.
2. **Qožyruly B.** Қазақ елінің атақты музыка өнерпаздары (antologiiâ). – Almaty: «Eltanym baspasy», 2010. – 640 p.
3. **Qožyruly B.** Ruhani bajlyq. – Almaty: «Eltanym baspasy», 2012. – 400 p.

Автор туралы мәлімет:

Саханов Қонысбек – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Вокалдық өнер» мамандығының 2-ші курс магистранты; ғылыми жетекшісі – өнертану кандидаты, профессор Б.Т. Аманжол.

Сведения об авторе:

Саханов Қонысбек – магистрант 2 курса специальности «Вокальное искусство» Казахской национальной консерватории им. Курмангазы; научный руководитель – Б.Т. Аманжол, кандидат искусствоведения, профессор.

Information about the author:

Konysbek Sakhanov – 2nd year masters student of the “Vocal art” specialty at Kurmangazy Kazakh National Conservatory; supervisor – B. Amanzhol, PhD, professor.